

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,  
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы

ІРС 4307 - Ақпараттық құқық және цифрландыру

«6В04205 - Құқықтану» мамандығы

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2024


Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын з.ғ.д., профессор Кегембаева Ж.А. «6B04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасының оқу жоспарының негізінде құрастырды.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«11» маусым 2024 ж. №21 Хаттама

Кафедра меңгерушісі,

з.ғ.д., аға оқытушы



 Усеинова Қ.Р.

Оқыту және білім беру сапасы жөніндегі академиялық комитеттің төрағасы

 Урисбаева А.А.

«20» маусым 2024 ж. №10 Хаттама

Факультеттің Ғылыми кеңесімен ұсынылды

Ғалым хатшы  Атаханова Г.М.

«25» маусым 2024 ж. №11 Хаттама

## **КІРІСПЕ**

«6B04205 - Құқықтану» білім беру бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан – қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляцияға беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрық негізінде қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса, онда қайта тапсыру. онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшелігіне байланысты БП МК циклындағы пәндер Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 200 сұрақтан 1,2,3 дұрыс жауаппен құрылған.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТІЛЕУГЕ ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

### **1. Ақпараттық құқық және цифрландырудың ұғымы мен пәні**

Ақпараттың түсінігі, ақпараттың заңи ерекшеліктері мен қасиеттері. Ақпараттық құқықтың даму тарихы. Ақпараттың жіктелуі. Ақпараттық құқықтың ұғымы мен пәні. Қазақстан Республикасындағы цифрландырудың негізгі бағыттары. Ақпараттық құқықтың қайнар көздері. Қазіргі қоғамда ақпараттың рөлі мен маңызы. Ақпараттық қоғам және оның белгілері. Қазақстанның ақпараттық қоғамға кіруі.

### **2. Ақпараттық құқықтың жүйесі, әдістері мен қағидаттары**

Ақпараттық құқықтың жүйесі және оның негізгі элементтері. Ақпараттық құқықты реттеудің әдістері мен олардың ерекшеліктері. Ақпараттық құқықтың негізгі қағидаттары және олардың құқықтық реттеудегі рөлі. Ақпараттық құқық жүйесін жетілдіру жолдары мен қазіргі заман талаптары.

### **3. Ақпараттық-құқықтық нормалар**

Ақпараттық-құқықтық нормалардың түсінігі және олардың құқықтық жүйедегі орны. Ақпараттық-құқықтық нормалардың түрлері мен ерекшеліктері. Ақпараттық қатынастарды реттеудегі ақпараттық-құқықтық

нормалардың рөлі. Ақпараттық-құқықтық нормаларды қолданудың ерекшеліктері мен мәселелері.

#### **4. Ақпараттық-құқықтық қатынастар**

Ақпараттық-құқықтық қатынастардың түсінігі және олардың құқықтық жүйедегі орны. Ақпараттық-құқықтық қатынастардың негізгі элементтері мен субъектілері. Ақпараттық-құқықтық қатынастардың түрлері және олардың ерекшеліктері. Ақпаратқа қол жеткізу құқығының түсінігі мен маңызы. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудегі халықаралық стандарттар және Қазақстан заңнамасындағы құқықтық негіздер.

#### **5. Ақпараттық кеңістіктегі субъектілердің құқықтық мәртебесі**

Ақпараттық қатынастық субъектілері: тұтынушылар, иелері, тиісті саладағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар және т.б. Ақпараттық құқықтар (ақпаратты алу құқығы, ақпаратты тарату құқығы, ақпаратты иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы).

#### **6. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық қоғамның маңызды субъектілері ретінде**

Бұқаралық ақпарат институтының конституциялық негіздері. Бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) түсінігі және түрлері. БАҚ қызметінің негізгі қағидалары. БАҚ институтындағы ақпараттық құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері (редакция, бас редактор, журналист, оқырман, басып шығарушы, құрылтайшы, тұтынушы және т.б.). «Масс-медиа туралы» ҚР Заңы.

#### **7. Дербес деректерге қол жеткізу мен өңдеуді құқықтық реттеу**

Дербес деректерге қол жеткізу және оларды өңдеудің құқықтық негіздері. Дербес деректерді қорғаудағы ұлттық және халықаралық стандарттар. Дербес деректерді өңдеудің шектеулері мен оларды сақтаудың заңдық талаптары. Дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және бұзушылықтарды жауапкершілікке тарту шаралары.

#### **8. Ақпараттық қауіпсіздік ақпараттық қатынастың объектісі ретінде**

Ақпаратты қорғауға құқықты қамтамасыз ету – құпия деректерді қорғауды, сапалы және объективті ақпарат алуға құқықты қамтамасыз ету, теріс ақпараттардан қорғау. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламалары.

#### **9. Интернеттің виртуалдық ортасын пайдаланудың құқықтық проблемалары**

Интернет желісінің пайда болуы. “Виртуалдылық” түсінігі. Интернет ортасындағы негізгі объектілер мен субъектілер. Интернеттегі ақпараттық қатынастарды реттеудің негізгі құқықтық проблемалары.

#### **10. Мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясы**

Мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясының түсінігі мен оның маңызы. Цифрлық трансформацияның мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі және оның негізгі бағыттары. Цифрлық технологияларды енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары. Мемлекеттік басқаруды цифрландырудың құқықтық негіздері.

## **11.Электрондық цифрлық қолтаңба және электрондық құжат айналымы**

Электрондық цифрлық қолтаңбаның мәртебесі. Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі. Қорғау объектісі: өнегелілік, рухани тазалық, интеллектуалдық даму деңгейі және т.б. Қазақстан Республикасында электрондық үкіметтің жұмыс істеуін құқықтық регламенттеудің ерекшеліктері. Ақпараттық технологиялардың көмегімен мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимыл жасау тетігі.

## **12.Ақпараттық қауіпсіздік қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдарының қызметі**

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың рөлі мен міндеттері. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары. Мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктері мен әдістері. Ақпараттық қауіпсіздікті бұзуға қарсы іс-әрекет ету.

## **13.Мемлекеттік құпияларды қорғау**

Мемлекеттік құпиялардың түсінігі және олардың құқықтық мәртебесі. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың құқықтық негіздері мен қағидаттары. Құпия ақпаратты қорғаудағы мемлекеттік органдардың рөлі мен өкілеттіктері. Мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз етудегі жауапкершілік және бақылау шаралары.

## **14.Ақпараттық кеңістіктегі құқық бұзушылықтар**

Ақпараттық кеңістіктегі құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері. Ақпараттық құқық бұзушылықтардың алдын алу және олармен күресудің құқықтық негіздері. Ақпараттық кеңістіктегі құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік түрлері мен қолдану тәртібі. Ақпараттық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары және халықаралық тәжірибе.

## **15.Ақпараттық технологиялары мен ақпараттық құқығының даму бағыттары**

Ақпараттық технологиялар мен ақпараттық құқықтың даму бағыттары және олардың өзара байланысы. Цифрлық қоғамдағы ақпараттық құқықтың жаңа тенденциялары мен мәселелері. Ақпараттық технологияларды құқықтық реттеудің қазіргі заманғы тәсілдері. Ақпараттық құқық пен технологияларды дамытудағы халықаралық тәжірибе және оның Қазақстанға ықпалы.

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР**

### **Оқу әдебиеттері:**

- 1.Интеллектуальная собственность. Новосибирск В.О. «Наука» 2018.
- 2.Копылов В.А. Информационное право. – М.: Юристъ, 1917.
- 4.Копылов В.А. Вопросы правового регулирования отношений в деятельности электронных библиотек. – М., 2002.
- 5.Крылов В.В. Информационные компьютерные преступления. – М.: Инфра–М – Норма, 1997.
- 6.Макагонова Н.М. «Авторское право». М., 2000.

### **Нормативтік құқықтық актілер:**

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, өзгерістер мен толықтыруларымен) [www.adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz). 2024ж.

2.ҚР «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңы // [www.adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz). 2024 ж.

3.ҚР-ның «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңы // [www.adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz) [www.adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz). 2024 ж.

4.ҚР-ның «Азаматтық кодексі»(ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі // [www.adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz). 2024 ж.

#### **Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы**

1. «Параграф» АЖ.
2. Кибер Леника.
3. Springer Nature.
4. Elsevier Scopus корпорациялары.

#### **Интернет-ресурстар**

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Pravo/istrp/index.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php)
3. [www.adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz) құқықтық базасы

#### **Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:**

1. Пән бойынша қорытынды бақылау - тест түрінде UNIVER жүйесінде өткізіледі. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық тізімдемесіне қорытынды баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі: 48 сағат ішінде бекітілуге жатады. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4. Тестің түрі - көптік таңдау, 1,2,3 дұрыс жауаппен

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тестің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады

7.Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді

8.Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тест өту тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы жойылуға жатады

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Универ жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады

#### **Бағалау саясаты**

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау.

Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{PK1+PK2}{2} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4.$$
 Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	